**КАЗАХСТАНСКИЙ ТРАНЗИТ ДОКАЗАЛ СВОЮ ЭКОНОМИЧЕСКУЮ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ И НАДЕЖНОСТЬ. ПОЭТОМУ МЫ ПРОДОЛЖИМ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ. В ЧАСТНОСТИ, НАЧИНАЕМ СТРОИТЕЛЬСТВО НОВОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ВЕТКИ ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ ДЛЯ РАСШИРЕНИЯ ТРАНЗИТА ИЗ КИТАЯ. ОБЩИЙ ОБЪЕМ ИНВЕСТИЦИЙ СОСТАВИТ БОЛЕЕ 2 МИЛЛИАРДОВ ДОЛЛАРОВ.**

Касым-Жомарт ТОКАЕВ,
Президент Казахстана




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№73 (2681)
10/09/2021


## НАЙТИ РАБОТУ МЕЧТЫ

**Как известно, АО «НК «ҚТЖ» – это самый крупный работодатель в реальном секторе экономики страны. Последние несколько лет в национальной компании активно действует проект по прозрачному поиску и подбору кадров. Благодаря этому у любого желающего есть возможность устроиться на работу, найти свое место в команде работников стальной магистрали.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан



Раньше к ҚТЖ со стороны общественности, госорганов зачастую было много претензий по бытовой коррупции с точки зрения непрозрачных решений по приему работников. В ответ на эти нарекания был запущен полностью централизованный прозрачный проект. Все вакансии компании публикуются на порталах Rabota.Nur.kz, Enbek.kz на двух языках. И у любого кандидата, будь то внешний или внутренний, есть возможность зарегистрироваться на сайте и откликнуться на вакансию.

Главная суть в том, что если кандидат откликается на вакансию, то он видит свой статус по прохождению конкурса. Таким образом, каждый кандидат сам держит руку на пульсе, понимает, как продвигается его резюме, онлайн видит этап прохождения своей заявки, прошел ли он тестирование, какие были высказаны замечания.

Проект приносит отличные результаты, благодаря ему удается быстро закрывать вакансии. В среднем, конкурс на место составляет порядка 12 кандидатов.

Кроме того, и АО «Фонд «Самрук-Қазына» дает возможность искать работу на едином сайте вакансий «Самрук-Қазына». Так, на сайте Samruk Qyzmet собраны все вакансии группы компаний Фонда, в том числе и АО «НК «ҚТЖ».

Сервис позволяет пройти тестирование и видеособеседование в формате «онлайн». Такие опции удобны для людей, которые ищут работу в других городах. Особенно актуальна такая возможность в пандемию.

По словам специалистов АО «Фонд «Самрук-Қазына», платформа была разработана, чтобы сделать процесс отбора прозрачным и открытым. На сегодня 170 компаний группы Фонда размещают вакансии на Samruk Qyzmet.

Еще один большой плюс – команда Samruk Qyzmet проводит обучение с привлечением ведущих экспертов: практикумы по составлению резюме, лекции, карьерные интенсивы для тех, кто работает над построением карьеры.

Стоит отметить, что ключевым элементом развития кадрового потенциала АО «НК «ҚТЖ» является системная реализация корпоративной молодежной политики.

– Компания всегда заинтересована в энергичных, ответственных и профессиональных сотрудниках, ориентированных на построение долгосрочных отношений и профессиональное развитие. Здесь высоко ценят сотрудников, готовых разделить ценности компании БЛАГО и внести свой вклад в ее развитие, – говорит главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Динара Сарсембаева.

Одна из таких молодых и перспективных представительниц молодого поколения работников стальной магистрали – электромонтер ШЧ-16 Астана Диана Сайкен. К слову, Диана также, как и многие молодые люди, нашла свою работу мечты в ҚТЖ благодаря поиску на сайте Rabota.Nur.kz.

– Сразу после магистратуры я начала поиск работы по специальности, просматривала разные сайты. Когда увидела объявление от АО «НК «ҚТЖ» на сайте Rabota.Nur.kz, то сразу же отправила туда свое резюме. После этого следила за тем, как оно продвигается. Очень скоро меня пригласили на собеседование, а еще через неделю позвонили и сказали, что могу приступать к работе в ҚТЖ. Я была счастлива! – делится Диана.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ПОД НАДЕЖНОЙ ЗАЩИТОЙ

**Свыше трех тысяч критических уязвимостей устранено на информационных ресурсах АО «НК «ҚТЖ». Такого результата удалось достичь благодаря реализации одного из ключевых проектов цифровой трансформации «Внедрение новой модели информационной безопасности (перезагрузка)».**

При внедрении процессов управления информационной безопасностью проектная команда применила международные стандарты и одну из лучших разработок в этой области. Это позволило значительно увеличить процент эффективности и успешности внедрения процессов.

– АО «НК «ҚТЖ» – первая портфельная компания группы Фонда АО «Самрук-Қазына», автоматически передающая информацию об инцидентах в Национальный координационный центр информационной безопасности при АО «Государственная техническая служба» в течение 15 минут с момента его обнаружения, – отметил руководитель проекта, главный менеджер департамента корпоративной безопасности АО «НК «ҚТЖ» Орынбасар Жунисбеков.

Кроме того, для ключевых пользователей филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» было проведено свыше 20 тренингов и разработаны пошаговые инструкции, которые позволят быстро и качественно перестроить процесс работы в новом формате информационной безопасности.

– Наша главная задача – ввести осведомленность о кибербезопасности и ее соблюдение в культуру железнодорожной отрасли так же, как безопасность была добавлена в культуру производства и транспортировки, – подчеркнул Орынбасар Жунисбеков. – Железнодорожники понимают необходимость дальнейшего внедрения процессов информационной безопасности.

Благодаря оперативности команды проект завершается раньше на 4 месяца – в сентябре текущего года.

*Алинур КУДАЙБЕРГЕН*



**Арман БУБИКАНОВ,**
«ПРОММАШ.KZ» ЖШС
бас директорының орынбасары:

«ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ – ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІН ҰЛҒАЙТАДЫ ЖӘНЕ ЖОЛ АРАЛЫҚТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ТӨМЕНДЕТПЕЙ, СТАНЦИЯ БОЙЫНША ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ ОТЫРЫП, ЖОЛДЫ АҒЫМДЫҚ КҮТІП ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ТӨМЕНДЕТЕДІ»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ СЕГІЗ АЙЫНДА БОЛАШАҚ СТАНЦИЯСЫНАН ТҮРКІМЕНСТАНҒА

**269**

ЖҮК ПОЙЫЗЫ ТАПСЫРЫЛҒАН.

БИЫЛ АҚМОЛА БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША ЖАҢА МАТЕРИАЛДАРДЫ ТӨСЕП, ҰЗЫНДЫҒЫ

**84 КМ**

АСАТЫН ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН.

БИЫЛ КОМПАНИЯ БОЙЫНША АЛДАҒЫ ҚЫС МАУСЫМЫНДА БІРІНШІ РЕТ

**3799**

МАМАН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ КІРІСЕДІ.

Селекторлық кеңес

## ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

**Үстіміздегі жылдың 7 қыркүйегінде 2021-2022 жылдардың қыс маусымына «ҚТЖ» ҰК» АҚ және еншілес ұйымдар мен филиалдардың кадрлары мен шаруашылықтарының дайындығы туралы селекторлық кеңес өтті. Ұлттық компанияның басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевтың төрағалығымен өткен жиында Магистральдық желі дирекциясының, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» мен «Теміржолсу» кәсіпорындары басшыларының есептері тыңдалды.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан



Компанияда қыс маусымындағы жұмысқа дайындықты ұйымдастыру үшін құрылған арнайы штаб бар. Мұндай штабтар аймақтарда жол бөлімшелерінде, құрылымдық және еншілес ұйымдарда да құрылған. Ал әзірлік бойынша шаралар биылғы маусым айында штаб тарапынан бекітіліп, есеп беру кестесі жасалған. Негізгі шаралар – жылжымалы құрамдарды, қар жинайтын техникаларды, өндірістік-техникалық ғимараттар мен қазандықтарды дайындаумен қатар «алғашқы қыстаушыларды» қатал маусымда жұмыс істеу тәсілдеріне оқытып, үйретіп және кадрларды жылы қысқы киімдермен және көмірмен қамтамасыз ету, т.т. алдағы қараша айының 1-не дейін толық аяқталуы керек. Жалпы, жоспарға сәйкес биыл 187 шараны орындау межеленген. Ал 6 қыркүйектегі жағдай бойынша небәрі 18 шара орындалыпты. Әлі 169 шараны орындау міндеті тұр. Мәселен, Магистральдық желі дирекциясы бойынша 82 іс-шара қарастырылса, соның үшеуі ғана толық көлемде орындалған. Қыс маусымында бірінші рет жұмысқа түскелі отырған 1377 маман оқытылған. Ал қалған «алғашқы қыстаушылар» тәжірибелі мамандарға бекітіліп, оқытылу үстінде. Сонымен қатар 1728 ғимаратқа ағымдық жөндеу жүргізіліп, жоспар 67% орындалған. 39 км жол бойындағы қардан қорғау шарбақтарына ағымдық жөндеу жасалып, бұл шаруа 63% орындалған. Қар тазалау техникаларының 40 бірлігі немесе 82% деполық жөндеуден және қызмет мерзімін ұзарта отырып, жөндеудің деполық түрінен өткен. Сондай-ақ, қысқы арнайы киім мен аяқ киімнің жоспарланған тапсырысы 66% орындалған.

Ал «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша шаруашылықтарды қысқа дайындау жоспарында 18 іс-шараны орындау қарастырылса, соның бүгінде 80% орындалған. Ерекше назар локомотив шаруашылығына аударылған. Оның ішінде, электрлі жылжымалы құрамда түйіспелі сымның мұздануына қарсы күресу үшін жабдықты дайындау жоспары 37% орындалса, тораптар мен жүйелерді қысқы режимге ауыстыра отырып, локомотивтерді дайындау жұмысын күзгі тексеру кезінде атқару жоспарланған. Қысқы аяқ киім және арнайы киіммен қамтамасыз ету 78% орындалған. Қыста жұмыс істеудің әдіс-тәсілін 748 «алғашқы қыстаушы» меңгеріп, тәжірибелі мамандарға бекітілген.

«Теміржолсу» АҚ бойынша су және жылумен жабдықтау нысандарын дайындауға қатысты 14 іс-шара жоспарланса, бүгінде оның 70% орындалыпты. Кәсіпорын басшылығы қалған шаруаны 1 қазанға дейін бітіруге мүдделі екендерін жеткізді.

2021-2022 жылдардағы жылыту маусымына көмірдің жалпы талап етілетін көлемі 108 326 тоннаны құрайды, оның ішінде «Теміржолсу» АҚ еншілес ұйымдарының қазандық шаруашылығының өз мұқтажына қажет көмір көлемі – 23 299 тонна. Бүгінде барлық серіктестіктер бойынша шарттар жасалған, қоймалардағы қолда бар көмір қоры 2 039 тоннаны құрап отыр. Сонымен қатар жоспарлы түрде 3982 өндірістік-техникалық ғимарат пен 458 қазандықты дайындау жұмыстары жүргізілуде екен.

Компания басшылығы шаруашылықтарды қысқы кезеңде дайындау сапасын бақылау мақсатында күзгі тексеру аяқталғаннан кейін жаппай тексеру ұйымдастырылатынын атап өтті. Тексеру қазан айының екінші жартысына жоспарланған. Ал 1 қарашада штаб іс-шараларды 100% орындағандарға 2021-2022 жылдардың қысқы кезеңінде жұмыс істеуге дайындығы туралы куәлік беретін болады.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## КҮЗГІ СЫНАҚ БАСТАЛДЫ

**Теміржол шаруашылықтарында тағы бір сынақ – күзгі комиссиялық тексеру басталды. Бүгінгі таңда барлық станциялар мен теміржол мекемелері қысқа даярлық сатысына көшуде. Күзгі байқау – дайындыққа баға беретін емтихан болмақ.**

Ел шығысындағы семейлік теміржолшылар жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай күзгі тексеру жұмыстары қарсаңындағы даярлық шараларын бастады. Бұл ретте бөлімшедегі шаруашылық ревизорлары желі бойындағы жазғы жұмыстарды қорытындылап, алдағы қысқа даярлықты пысықтауды бастап кетті. Дүйсенбіде Аягөз өңіріндегі Жұзағаш станциясынан басталған ревизорлық тексеру жұмыстары Ақтоғай мен Аягөз аралығындағы 133,4 шақырымдық телім бойын толықтай сүзіп өтті. Осыдан кейін Жаңғызтөбе мен Шар станциялары аралығында орын тепкен шағын жол айрықтарындағы атқарылған шараларды тексеріп шыққан шаруашылық ревизорлары апта соңына қарай Дегелең-Жаңа-Семей және Ауыл-Семей станциялары аралығын қадағалауға алды. Ескертулер мен кемшіліктер жайлы мәліметтер нақтылануда.

– Негізінен шағын станциялар мен жол айрықтары тексерілуде. Ал, Аягөз, Шар, Жаңа-Семей сынды ірі жүк станциялары болжам бойынша қыркүйектің 20-на таман өтетін күзгі комиссиялық бақылау кезінде толық қаралады. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы комиссияның келуін күтіп отырмыз, – дейді бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің қызметкерлері.

Ғимараттар мен үймереттер, желі бойындағы жекелеген нысандар, модульдер мен байланыс құрылғыларының қатал маусымға әзірлігі шаруашылық ревизорларының «қамшылауымен» ерекше күш алуда. Өткен қыс шығыстағы теміржолшылар қауымы үшін үлкен сын болғанымен тосын жайттар орын алмаған. Биыл да қыстан қысылмай шығу үшін теміржолшылар алдағы күзгі сынға әзірлік жұмыстарын тыңғылықты жүргізуде.

*Қуан ЕРТІС, Семей*

rail-news.kz

№73 (2681) 10/09/2021

## СЕКТОР ҚЫЗМЕТІНЕ СЕНІМ МОЛ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

ЭКОЛОГИЯ

**Қазақстан темір жолында осыдан үш жыл бұрын барлық салада өндірістік қауіпсіздік және экология секторы құрылды. Достық станциясында осы секторды басқаратын Батыржан Ахметжановтың айтуынша, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жан-жақты жауапты сектор қызметіне сенім мол.**

Бүгінде Достық станциясында 800-ге жуық адам еңбек етсе, 3 адам аталған сектордың жұмысына тартылған. Жас та қабілетті маман Батыржан Ахметжанов басқаратын сектор жұмысы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды мінсіз атқарады.

– Негізгі қызметімізге экологиялық, өнеркәсіптік, өртке қарсы, санитарлық-эпидемиологиялық, электр қауіпсіздігі, адамның денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жатады. Соның бәрінің сақталуын күнделікті жұмыс барысында еңбек қорғау шаралары аясында қадағалап отырамыз, – дейді сектор басшысы.

Ал қадағалау тексерулер жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Басшылардың нормативтері кезінде де сектор қызметкерлері бірге еріп жүреді. Жұмыс киімімен қамтамасыз ету жайын да бақылауда ұстайды. Жұмыс орнын аттестациялау да басты міндет.

– Экология бойынша айтар болсақ, өндірістен шыққан қатты тұрмыстық қалдықтар, шлактар болады, қауіпті қалдықтар болады, олардың өзінің сақталу әдістемелері бар, соны сақтау керек. Солардан келетін зардапты азайту, айыппұлдарын төлеу мәселелерін реттеу біздің құзырымызда, – дейді Б.Ахметжанов.

## ОРТА БУЫН МАМАНДАР ДАЯРЛАЙДЫ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

БІЛІМ

**Тараз теміржол көлігі және коммуникация колледжі – байырғы оқу орындарының бірі. Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы басталғанда оған теміржолшы мамандар дайындау үшін ашылған оқу орны күні бүгінге дейін болат жолға қызмет етіп келеді.**



Колледждің директоры Ұлжан Кенжебаеваның айтуына қарағанда, бұл білім ордасынан ұзақ жылдар бойы теміржол саласына қатысты 40 мыңнан астам орта буын мамандары оқып шыққан. Қазіргі таңда мұнда білім алушылар темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету түрлері бойынша мамандықтарды игереді. Сонымен қатар темір жолдың вагондар мен рефрежираторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, теміржол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару түрлері негізінде білімдерін шыңдайды.

Бүгінде колледжде 500-600 шамасында студент оқиды. Былтырғы оқу жылының соңында 254 түлек үлкен өмірге жолдама алса, биылғы оқу жылында 200 студент ұядан ұшқан. Ұлжан Қайыпбекқызы түлектердің дені теміржол саласына жұмысқа баратынын айтады.

*Суретті түсірген автор*

# KTZ HSE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ: ТИІМДІ ДЕ ЫҢҒАЙЛЫ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**Қазіргі таңда Арыс станциясының теміржолшылары KTZ HSE мобильді қосымшасын қолдануды жаппай үйреніп келеді. Ал жұмысшылар кез келген мәселені қосымша арқылы тез шешуге болатынына, оның тиімді де ыңғайлы екеніне көз жеткізуде.**

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Арыс

Арыс станциясының еңбек қорғау инженері Базаркүл Махметова KTZ HSE мобильді қосымшасының артықшылықтарын түсіндіріп берді. Айтуынша, бұрын қосымшадағы кейбір мәселелерді тек басшылық шешсе, қазір жұмысшылар да орын алған мәселені шешуге атсалысып жатыр.

«Мысалы, бір теміржолшы «ана жерде анадай, мына жерде мынадай болып тұр» демейді. Жұмыс орнында қандай оқиға орын алғанын суретке түсіреді де, атқарушы адамға жібереді. Айталық, дәріхана қобдишасында дәрі-дәрмек жоқ, кем болып жатса, факт ретінде суретке түсіріп жібереді. Мен ол суретті аламын да «мына жерді жаңарту керек» деймін. Дәріхана қобдишасы жаңартылған соң «ауыстырылды» деген жаңартылған суретті жіберемін. Мобильді қосымшаға кіретін әркімнің өз паролі болады. Таяуда маған бір сигналист арнайы жұмыс киімінің жыртылып қалғанын көрсетті, оны суретке түсіріп алып атқарушыға жібердім. Кейін ол сигналистің киімі ауыстырылған соң жаңа киім киген түрін түсіріп жібердім. Қосымшада «бұл жұмыс орындалды» деп шығады. Керемет емес па? Станцияда 315 жұмысшы бар, барлығына да осы қосымшаны қолдануды үйретіп жатырмыз. Бір сөзбен айтқанда, бұл «дейін» және «кейін» деген сияқты алгоритммен жұмыс жасайды. Қосымшада «молния» белгісімен келіп тұратын ақпараттарды кіріп таныссаң көк түс, таныспасаң қызыл түсте тұра береді. ҚТЖ компаниясында қандай жаңалықтар болмасын әрбір теміржолшы өз телефоны арқылы кіріп біліп отыратын мүмкіндік жасап қойған. Бұл бәрімізге өте ыңғайлы», – дейді инженер Базаркүл Махметова.

Айта кетейік, осы жылдың жеті айында KTZ HSE мобильді қосымшасында ішкі бақылаудың 42 тексерісі жүргізіліпті. Анықталған ескертулер бойынша, яғни мобильдік қосымшада ішкі бақылау жүргізу барысында анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспары жасалған.

Бұдан бөлек, жыл басынан бері станцияда стандартты емес жағдайларды әрекет етуді қарастыратын 37 іс-әрекет диалогы өткізілген. Тексеру барысында 37 қауіпті жағдай анықталып, орындалды. Жалпы анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспары жасалып, бір тәртіптік жаза қолданылған.

Сондай-ақ, еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік актілер әзірлеу, қайта қарау бойынша жұмыстар ұйымдастырылған. Еңбек қорғау инженерінің айтуынша, Арыс станциясында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 18 нұсқаулықтың барлығы қайта қаралып шыққан.

*Суретті түсірген автор*

# ЖОЛДЫҢ ЖАҚСЫ БОЛМАҒЫ САПАСЫНАН

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

**Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша жазғы жол жөндеу жұмыстары биыл қарқынды жүргізіліп, қара күзге дейін созылуда. Қазіргі таңда жол сауықтыру шаралары алдағы қатал қысқа даярлық жасаумен қатар жүргізіліп жатыр.**

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Жоспарлы шаралар мерзімінде басталғанымен, қажетті құрылыс материалдары уақытында жеткізілгенімен кейбір күрделі жөндеу мен орташа жөндеулер жүргізілуі қажет аумақтарды нақтылау шамалы уақыт алған болатын. Сондықтан, шығыстағы жолшылар қауымы жол сауықтыру шараларын үдете түсіп, батыс тармақ бойынша, яғни, Шаған мен Көл станциялары арасындағы 5,31 және Жалпақ пен «Пост А» жол айрықтары аралығындағы 9,45 шақырымды құрайтын қумажолдар күрделі жөндеуден өткізбек.

– Қазіргі таңда Дегелең-Семей телімдері толықтай сүзгіден өткізіліп, ақаулықтары бар аумақтардың координациясы нақтыланып, регламент жасалды. Әзірге жоспар берілген жоқ. Алайда, Аягөз жол дистанциясының аумағындағы жол сауықтыру шараларын толықтай аяқтаған соң ПЧ-39 мекемесі бойынша, Дегелең бағытындағы күрделі жөндеуге кірісетін боламыз. Жол жөндеуші компания өкілдері қазіргі таңда бөлімшеде, келісім аясында тағы да бірқатар мәселелер нақтылануда, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей магистральдық желі бөлімшесіндегі Жол бөлімінің бастығы Қайыргелді Ахметжанов.

Айта кетерлігі сол, аталған қумажолдар толықтай жаңадан темірбетонды шпалдарға ауыстырылмақ. Осы мақсатта 27158 данадан аса шпалдар мен 53136 текше метр қиыршық тас жеткізілуде. Керекті материалдардың жеткізілуі өткен айларда басталған болатын.

Осыған дейін ПЧ-42 мекемесіне қарасты бірқатар телім бойы, атап айтсақ, Аягөз бен Жарма станциялары аралығында жол төсемін ауыстыру жұмыстары қолға алынған-ды. Осынау ретте Аягөз-Жарма аралығындағы Қарақойтас-16 жол айрығы және Үшбиік станциясы аралығындағы жалпы көлемі 26,8 шақырым желі бойы жоспарға сай темір-бетонды шпалдарға ауыстырылды. Жұмыс барысы кідіріссіз жүргізіліп, әне-міне аяқталмақ.

– Дистанциямыз бойынша күрделі жөндеу жалпы аяқталды деуге болады. Кеше, қыркүйектің 8-ші жұлдызы соңғы плеть салынды. Сонымен қатар, жол жиектерін жинастыру, жекелеген аумақтар бойынша ескерту қадаларын орнату сынды болмашы уақ-түйек жұмыстар қалды, – дейді ПЧ-42 мекемесі техникалық бөлімінің бастығы Болат Мұстафинов.

Жалпы, Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша ағымдағы жылы күрделі жөндеуден өтетін телімдер аумағы жоспар бойынша 40,84 шақырымды құрап отыр. Ал, күшейтілген орташа жөндеу 15,085 шақырым, жалпы орташа жөндеу 20,8 шақырымды құрайды. Бөлімшенің жол шаруашылығы мамандарының айтуынша, барлық жұмыстар күзгі қара суық түскенге дейін толық аяқталмақ.

Биылғы көзделген меже бойынша күрделі жөндеу шаралары ПЧ-42 мен ПЧ-39-да жүргізілсе, орташа жөндеу жұмыстары негізінен Өскемен өңірінде жүзеге асырылады екен. Защита өңіріндегі телім бойы шаруашылық тәсілмен жөнделуде.

Уақыттан шамалы кешіккенімен еш ұтылмайтындарына сенімді шығыстағы теміржолшылар жол сауықтыру шараларын жыл сайын үдете түсуде. Аягөз және Семей жол дистанцияларына қарасты күрделі жөндеуден өткізілетін телім бойы 2030 жылға қарай толықтай жаңартылып, ағаш шпалдар мүлдем қолданылмайтын болады. Қазіргі болжам бойынша бүгінгі күннің өзінде жекелеген қумажолдар бойынша пойыздың қозғалыс жылдамдығын сағатына 80/60-тан 140 шақырым сағатқа дейін арттыру мүмкіндігі бар екен. Бұл дегеніміз «Тальго» пойызының тек осы телім бойындағы шекті мөлшері. Семей мен Өскеменнен оңтүстік астана мен елорданы бетке алатын жолаушылар пойызының жылдамдығы сағатына 120 шақырымды құраса, жүк пойыздары 80 шақырымдық жылдамдықпен жүйтки алатын болады. Осы орайда шығыстағы жолшылар қауымы үшін жолдың балдық сапасын жақсартып, заманауи тұрғыда, яғни, темір-бетонды түйіспесіз жолдарға аустырып шығу басты мақсат болып отыр.

*Суретті түсірген автор*

# САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2021 жылғы 28 қыркүйекте 11:00 сағатта (Нұр-Сұлтан уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

**Аукционға мына Нысандар шығарылады:**

| № | Аты | мен.номер | жылы | бастапқы баға, теңге | бастапқы баға, теңге | төмен баға, теңге | кепілдік жарна, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Вагон мастерская | 010130 | 1984 | 241 920 | 725 760 | 241 920 | 36 288 |
| 2 | Полуприцеп Сзап 99051 | 23ESA02 | 2008 | 2 414 177 | 7 242 530 | 2 414 177 | 362 127 |
| 3 | КАМАЗ 54115-010-15 | 187АТ04 | 2014 | 8 522 455 | 25 567 366 | 8 522 455 | 1 278 368 |
| 4 | ППК Зрдт 931-05 | 45CUA04 | 2015 | 3 128 036 | 9 384 107 | 3 128 036 | 469 205 |
| 5 | Skoda Superb B6 | 171 АТ04 | 2012 | 4 260 213 | 12 780 640 | 4 260 213 | 639 032 |
| 6 | КОНСОЛЬНО-КОЗЛОВОЙ КРАН, \ЗКЗХ-42 пм, КК-6,3 | 244050 | 1988 | 4 533 312 | 13 599 936 | 4 533 312 | 679 997 |

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: **электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).**

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

**Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақтылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.**

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлікті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлікті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез-келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

**Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ), Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Қонаев, 10 және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ), Нұр-Сұлтан қ., А.Жұбанов көшесі, 16 үй, 4 этаж телефондары бойынша алуға болады.**

№73 (2681) 10/09/2021

# ТЕПЛОВОЗЫ ДОЛЖНЫ РАБОТАТЬ БЕЗУПРЕЧНО

ОСМОТР

**С 10 сентября по 31 октября в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) пройдет осенний комиссионный осмотр локомотивов.**

**Ольга УШАКОВА,** Усть-Каменогорск

По данным инженера первой категории ТЧЭ-22 Александра Селиверстова, работы по подготовке локомотивов в зимний период будут проводиться согласно приказу №756-ЦЗ от 17 ноября 2009 года. По распоряжению начальника Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Ермека Смагулова, на предприятии создали из числа командно-инструкторского состава и инженерно-технических работников комиссию по проведению осеннего комиссионного осмотра локомотивов. В депо разработали и утвердили план организационно-технических мероприятий на время проведения осмотра.

– Составлен график постановки локомотивов на осенний комиссионный осмотр, график участия комиссии в проведении комиссионного осмотра, – информировал Александр Селиверстов.

Приписной парк локомотивов по ТЧЭ-22 оставляет 34,5 единицы. Подлежит комиссионному осмотру 31 единица, из них по сериям: 2ТЭ10 – 1, СКД6е – 15, ТЭ33А – 15 единиц. Не подлежат комиссионному осмотру 3,5 единицы тепловоза серии 2ТЭ10, которые находятся на консервации длительного хранения в ожидании исключения из инвентаря.

Осенний комиссионный осмотр локомотивов серии СКД6е приписки ТЧЭ-22 будет проводиться в ЛРД Шар согласно графику постановки тепловозов на ремонт, с участием представителей Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо. Перевод локомотивов серии ТЭ33А на зимний режим эксплуатации с проведением установки чехлов радиаторного отсека проведут в ЛРД Аягоз при постановке тепловозов для проведения плановых и неплановых видов ремонта. Тепловоз серии 2ТЭ10М будет проходить комиссионный осмотр в Шуском локомотиворемонтном депо при постановке на плановый вид ремонта ТО-3.

> ПРИПИСНОЙ ПАРК ЛОКОМОТИВОВ ПО ТЧЭ-22 ОСТАВЛЯЕТ 34,5 ЕДИНИЦЫ. ПОДЛЕЖИТ КОМИССИОННОМУ ОСМОТРУ 31 ЕДИНИЦА. ПРИ ПРОВЕДЕНИИ ОСМОТРА ЛОКОМОТИВОВ БУДЕТ ПРОВЕДЕНА ПОЛНАЯ СМЕНА ЛЕТНЕЙ СМАЗКИ НА ЗИМНЮЮ.

